

"Мүгедектерге жұмыс орындары квотасын белгілеу туралы" аудан әкімдігінің 2009 жылғы 11 ақпандағы N 42 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 24 желтоқсандағы N 597 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 30 желтоқсанда N 13-11-200 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 9 қаңтардағы N 8 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша аудандық әкімдігінің 09.01.2013 N 8 қаулысымен

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 2-тармағына, «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 28-бабына сәйкес аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. «Мүгедектерге жұмыс орындары квотасын белгілеу туралы» аудан әкімдігінің 2009 жылғы 11 ақпандағы № 42 қаулысына (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Мемлекеттік 2009 жылғы 11 наурыздағы № 13 -11-143 тізілімінде тіркелді, 2009 жылғы 3 сәуірдегі «Тайынша таңы», 2009 жылғы 3 сәуірдегі «Тайыншинские вести» газеттерінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

кіріспе сөз басындағы:

«және «Солтүстік Қазақстан облысында мүгедектер үшін жұмыс орындарын квоталау Ережелерін бекіту туралы» Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2005 жылғы 22 қазандағы № 241 қаулысы» сөздері шығарылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Маковский